

**Техникалық сипаттама
(ЛОТ №14)**

№	Атауы	Сипаттамасы	Саны
1	Зертханалық ыдыс-аяққа арналған кептіргіш	<p>Мақсаты: пробиркалар, колбалар және басқа да зертханалық шыны немесе пластик ыдыстарды кептіруге арналған</p> <p>Құрылым материалы: химиялық заттарға төзімді полипропилен немесе баламалы материал</p> <p>Орнату түрі: ұстел үстіне қоюға немесе қабырғаға бекітуге арналған әмбебап конструкция</p> <p>Орын саны: 52</p> <p>Стержень саны:</p> <ul style="list-style-type: none"> ұзын – 26 дана (ұзындығы шамамен 128 мм) қыска – 26 дана (ұзындығы шамамен 103 мм) <p>Қосымша жиынтық:</p> <ul style="list-style-type: none"> 2 ұзын және 2 қыска қосалқы стержень суды ағызуға арналған шлангі <p>Ерекшеліктері:</p> <ul style="list-style-type: none"> берік, тұрақты және ұзақ мерзімді қолдануға жарамды тазалау оңай зертханалық ортада қолдануға бейімделген <p>Түсі: бейтарап (сұр немесе баламасы)</p> <p>Жеткізу жиынтығы:</p> <ul style="list-style-type: none"> Кептіргіш – 1 дана Суын ағызуға арналған шлангі – 1 дана Қосалқы стержендер – 4 дана Пайдалану жөніндегі нұсқаулық – 1 дана 	2
	Барлығы		2

Фылым және стратегиялық даму вице-ректоры

А.Ошибаева

Фылымды дамыту жөніндегі жобалық кеңсе басшысы

А.Айымбетова

Фылым департаментінің жетекші маманы

Т.Джатаев

ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны ҚҚС-мен Түркістан қаласына дейінгі (сатып алушыға дейін жеткізу және өз құрамына барлық мүмкін болатын төлемдерді, салықтар мен баж төлемдерін кіргізеді) негізінде көрсетілген. Тауарды жеткізу тауар құнына енгізілуі тиіс монтаждау және іске қосу-баптау жұмыстары, сондай-ақ персоналды оқытумен міндетті түрде жүзеге асырылады.

Әлеуетті жеткізуши Республика Қазақстан аумағында жеткізілетін тауарды пайдалануға қажетті барлық рұқсаттар мен сәйкестік құжаттарының бар екенін раставиды және кепілдік береді. Тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экологиялық, табигатты корғау және өзге де нормативтер мен талаптарға толық сәйкес келеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес барлық сараптамалар мен сынақтардан өткен, бұл туралы әлеуетті жеткізушінің тиісті құжаттары бар. Тауар жана, пайдаланылмаган, ақаусыз және үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарымен ауырталған болуы тиіс. Кепілдік мерзімі пайдалануға берілген күннен бастап кемінде 12 айды құрауы тиіс.

Төлем шарттары: алдын ала төлем мөлшері Лоттың жалпы сомасының 100%-на дейін жетуі мүмкін және ол ғылыми жобалар аясында сатып алуды реттейтін университеттің ішкі Ережесінің талаптарына сәйкес сатып алу Комиссиясының шешімімен айқындалады.

Сатып алу комиссиясы әлеуетті жеткізушіден аванстық төлемнің толық сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы. Бұл қамтамасыз ету құжаты келесі нұсқалардың бірінде ұсынылады:

Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;

Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған Жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сактандыру шарты.

Жеткізу уақыты: тауарды жеткізу шартқа кол қойылған күннен бастап 60 күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылуға тиіс.